



QORJYNTÜBEK JARŞYSY

2022 жылдың 9 шілдеден
бастап шығады

№ 22/22

3 желтоқсан



www.nstagram.com/qorjyntubek_jarsysy



E-mail: priogazeta@mail.ru

ЖАҢАЛЫҚТАР

ЖАҢАЛЫҚТАР



ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНЫҢ ӘКІМІ САПАР САТАЕВ
ТҮРҒЫНДАРМЕН КЕЗДЕСІП, ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАУ ӨТКІЗЕДІ

АКИМ ГОРОДА ПРИОЗЕРСК САПАР САТАЕВ
ВСТРЕТИТСЯ С ЖИТЕЛЯМИ И ПРОВЕДЕТ ЛИЧНЫЙ ПРИЕМ

PRIOZERSK QALASYNYŇ ÄKIMDIGI PRIOZERSK.AKIMDIGI

**Приозерск
қаласының әкімі
С.Қ. Сатаев
тұрғындармен
кездесіп, жеке
қабылдау
өткізеді**

Приозерск қаласының әкімі С.Қ. Сатаев 2022 жылдың 23 желтоқсан күні сағат 16.00-де тұрғындармен кездесіп, жеке қабылдау өткізеді.

Кездесу орны «Достық» балалар мен жасөспірімдер шығармашылығы орталығы.

Халықтан сұрақтармен ұсыныстар жинау үшін жұмыс тобы құрылды.

Анықтама үшін телефон:
(8-71039)5-30-06

Электрондық пошта мекенжайы: Prio_akimat@krg.gov.kz

**Аким города
Приозерск
Сатаев С.К.
встретится с
жителями и
проведет
личный прием**

Аким города Приозерск Сатаев С.К. 23 декабря 2022 года в 16.00 ч. встретится с жителями и проведет личный прием.

Месте встрече ЦДЮТ «Достық».

Для сбора вопросов и предложений от населения создана рабочая группа.

Телефон для справок: (8-71039)5-30-06

Адрес электронной почты: Prio_akimat@krg.gov.kz

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ҰЛЫҚТАУ РӘСІМІНДЕ СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ ҚҰРМЕТТІ ОТАНДАСТАР! ХАНЫМДАР МЕН МЫРЗАЛАР! ҚАДІРЛІ ҚОНАҚТАР!

Биыл халқымыз үшін айрықша маңызды жыл болды. Қазақстан дамудың жаңа дәуіріне қадам басты. Біз түбегейлі бетбұрысқа жол ашқан ауқымды өзгерістер жасадық. Конституциялық реформаны жүзеге асырдық. Мемлекетіміздің ең басты салаларын жан-жақты жаңғырттық. Соның арқасында халықтың болашаққа деген үміті артып, сенімі нығая түсті.

Мен аймақтарды аралап, тұрғындармен кездескенде бұған айқын көз жеткіздім. Сондай-ақ өткен референдум тың бастамаларды жұртымыздың жаппай қолдайтынын көрсетті. Халықтың дұрыс бағыттағы өзгеріске ұмтылысы жұмысқа зор серпін берді. Біз реформаларды соңына дейін міндетті түрде жеткізуіміз қажет.

Конституцияның жаңа талабына сәйкес бұдан былай Президент жеті жылдық бір мерзімге ғана сайланады. Осылайша, саясаткерлердің жаңа буыны билік басына келе бастайды. Мен осы шешімнің дұрыс болғанына кәміл сенемін.

Конституцияға сәйкес билік тармақтары түгел жаңғыртылады. Осындай жаңа саяси маусымды Президент сайлауы бастап берді. Сайлау науқаны 3 айға жуық уақытқа созылды. Осы кезеңде еліміздің болашағы туралы түрлі мазмұнды пікірталастар болды. Жұртымыз өз болашағына бей-жай қарамайтынын көрсетті. Азаматтық қоғамның кемел институтқа айналғаны айқын аңғарылды. Саяси алаңға жаңа тұлғалар шықты. Осылайша, халқымыз 20 қарашада өз таңдауын жасады.

Сайлау әділ әрі ашық өтті. Бұл – байқаушылардың, сарапшылар мен журналистердің берген бағасы. Ел-жұрттың белсенділігі ерекше жоғары болды. Кейбір азаматтар бүкіл отбасымен келіп, дауыс берді. Бұл науқан ел мүддесі үшін ұлт болып біріге алатынымызды көрсетті.

Бабаларымыз қай заманда да бірлігін бәрінен биік қойған. Біз ата жолын сақтай білген, заманауи және өркениетті ел екенімізді бүкіл дүние жүзіне паш еттік. Бірлігіміздің бекемдігін тағы да дәлелдей алдық.

Осы сайлауда жұртымыз маған зор сенім білдірді. Шын мәнінде, ел сенімін еш нәрсемен өлшеу мүмкін емес. Халықтың сенімі – ең құнды нәр-

се. Сайлау нәтижесін халқымыздың саяси бағдарыма – бағасы, алдағы жоспарыма – батасы деп қабылдаймын.



Халқының қолдауына ие болып, ел тізгінін ұстау – ең биік мәртебе әрі орасан зор жауапкершілік. Алдағы 7 жылды бүгінгі буынның және келешек ұрпақтың алдындағы борышымды өтеуге берілген бірегей мүмкіндік деп білемін.

Қазақта «аманат» деген асыл ұғым бар. Халқымның сенімі – маған аманат. Осы аманатқа адал болу – мен үшін қасиетті парыз. Ел үмітін ақтап, Қазақстанды өркендеген, бақуатты мемлекетке айналдыру үшін қолымнан келгеннің бәрін жасаймын.

Сайлауға қатысқан барша жұртқа ризашылығымды білдіремін. Науқанға атсалысқан қауымға, байқаушылар мен журналистерге зор алғыс айтамын. Президенттікке кандидаттарға да құрметімді білдіремін. Сайлауда саяси партиялар және қоғамдық ұйымдар маңызды сәтте жұдырықтай жұмыла алатынын көрсетті. Осы ретте мені президенттікке ортақ кандидат ретінде ұсынған халық коалициясы мүшелеріне рахметімді айтқым келеді.

Мен өзіме дауыс берген азаматтардың ғана емес, бүкіл Қазақстан халқының алдында есеп беретін болдым. Қазақта «Байлық не керек, адалдан жимасаң, билік не керек, әділдік құрмасаң» деген сөз бар. Бұл – бұлжытпай ұстанатын өмірлік қағидатым.

Мен бүгін көк туды сүйіп, дана халқымның алдында бас ийдім. Азаттық жолында құрбан болған бабалар рухына тағзым еттім. Елімнің арман-мұратына өмір-бақи адал болуға серт бердім. Ешқашан адалдықтан аттамауға және ел мүддесіне қиянат жасамауға ант еттім. Ата заңға қолымды қойып, оның әр сөзін мүлтіксіз орындаймын. Халқымның алдындағы осы анттым алдағы қызметімде Мен үшін айнымас темірқазық болады.

akorda.kz

«Қала әкімінің кубогі - 2022» атты шағын футбол Лигасы өткізілді!



26-27 қараша күндері аралығында «Приозерск қаласының Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің ұйымдастыруымен «Балқаш» емдеу сауықтыру кешенінің футзалында «Қала әкімінің кубогі - 2022» атты шағын футбол Лигасы өткізілді!



Жалпы жарысқа Приозерск қаласының мекемелерінен, әскери бөлімдер және кәсіпорындарынан 8 команда қатысты! «Қала әкімінің кубогі - 2022» атты шағын футбол Лигасының жеңімпаздары:

I орын	«Мектеп» командасы	- 200 000 тг
II орын	«Тұлпар» командасы	- 100 000 тг
III орын	«Искра» командасы	- 50 000 тг

Сонымен қатар «Қала әкімінің кубогі - 2022» атты шағын футбол Лигасында ерекше ойынымен көзге түскен спортшылар келесі номинацияларға ие болды:

«Ең үздік ойыншы» - Абуов Н.

«Ең үздік шабуылдаушы» - Асқарұлы А.

«Ең үздік қорғаушы» - Бабуринов С.В.

«Ең үздік қақпашы» - Каланбаев Ю.У.

Жеңімпаз командалар және үздік спортшылар 21 желтоқсан күні «Приозерск қаласының Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің ұйымдастыруымен өткізілетін «Жастар» форумында марапатталып, ақшалай сертификаттар табысталады.



Барлық командаларды жүлделі орындарымен шын жүректен құттықтаймыз!

Приозерск қаласының
Жастар ресурстық орталығы

«ПУШКИН ОҚУЛАРЫ» БАЙҚАУЫ



Байқау қорытындысы бойынша III орын №1 ЖББМ оқушысы Нарымбет Қарақатқа бұйырды; II орынды №2 ЖББМ оқушысы Госена Диана місе тұтса, жүлделі I орынды осы мектептің 9-сынып оқушысы Сембек Айша жеңіп алды. Пушкин өлеңдерін қал-қадерінше мәнерлеп оқуға тырысқан барлық қатысушылар алғыс хаттармен, ал жүлдегерлер мадақтамалармен және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Жанат АБУЛОВА

Наследственное дело

После смерти Макарецевой Галины Васильевны умершей 25 ноября 2022 года, открыто наследственное дело. Имеющимся наследникам обращаться к нотариусу Ахметову Р.Б., г. Приозерск ул. Кисунько д. 1 Б тел. 87751627005

Частный нотариус г. Приозерск
Ахметов Р.Б.

Құрметті қала тұрғындары!

«Приозерск қаласының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесі Приозерск қаласы бойынша 2023-2024 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жобасымен <https://legalacts.egov.kz/npa/view?id=14312199#27> сілтемесі арқылы өтіп таныса алатындарыңызды хабарлайды.

Уважаемые жители города!

ГУ «Отдел предпринимательства и сельского хозяйства города Приозерск» сообщает, что с проектом по управлению пастбищами и их использованию по городу Приозерск на 2023-2024 годы можно ознакомиться перейдя по ссылке <https://legalacts.egov.kz/npa/view?id=14312199#27>.

Приозерск қаласының
кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі



Журналисттердегі сөз бостандығы



Біз әлемді білім, ғылым, ақпарат басқаратын тәуелсіз мемлекетте, қоғамда өмір сүріп жатырмыз. Шынымен де, бүгінгі таңда ақпаратсыз өз өмірімізді елестете аламыз ба? Айтылмай қалған қаншама шындық, сол шындықты айтамын деп өліп кеткендер қаншама? Жүздеген журналистер өлтірілді немесе қамауға алынды, әйел БАҚ қызметкерлерінің санының артуы, жалған ақпарат тасқыны және өшпенділік сөздері және халықтың білу құқығын қорғай алмайтын немесе қорғағысы келмейтін тиімсіз немесе дұшпандық үкіметтер.

Қорқыту, жек көрушілік және цензура. Журналистер өз жұмыстарын орындау үшін өсіп келе жатқан қауіптерге тап болуда - бұл физикалық қорқыту, оларға қарсы бағытталған өшпенділік немесе онлайн троллинг. Тек Қазақстанда емес кейбір Еуропа-лық елдер бұл заңды саяси субъектілер өздерінің билігі мен заңдылығына қауіп төндіретін ақпараттың таралуына жол бермеу үшін пайдаланды. Бұл ақпараттың еркін ағынына кедергі келтіру болып табылады, тіпті кейбір журналистерге баспасөз конференцияларына тыйым салу үшін бар күш-жігерін жұмсағанын көріпте жүрміз. Журналисттер елде болып жатқан ақпарат пен алыса ма? Әлде ақпараттың шығуына қарсы билікпен алысады ма? Бұқаралық ақпарат құралдарының күнделікті жұмысына араласуды, сондай-ақ өз жұмысын атқарып жатқан журналистерге жасырын және ашық қауіп тудырып жүрген елдер қатарына бізде кіріп қаламыз мүмкін. Ақпаратқа құқық, пікір білдіру және сын еркіндігімен бірге әрбір адамның негізгі бостандықтарының бірі болып табылады. Журналистердің құқықтары мен міндеттері қоғамның фактіге және пікірге қол жеткізу құқығынан шығады. Журналистердің қоғам алдындағы жауапкершілігі үшінші тараптың, әсіресе жұмыс берушілер мен мемлекеттік органдардың алдындағы жауапкершіліктен бұрын болуы керек. Іштің қайнауына себепкер болатын дүние БАҚ-қа шабуыл жасағандар жазасыз қалса, журналистерді қасақана нысанаға алып, қорқытса, БАҚ еркін бола алмайды және демократияға қауіп төне береді. Ешбір мемлекет демократияға сай дами алмайды егер сөз, баспасөз және идеялар мен пікірлерді тарату еркіндігі жоқ болса. Демократиялық қоғамдар тек қана тұрақты жұмыс істей алады азаматтар жаңалықтан хабардар болса, еркін қол жеткізе алса, ақпаратқа және онымен еркін алмаса, сондай-ақ талқылауға болады әртүрлі көзқарастар мен пікірлерімен бөлісіп. Журналист болашағы тікелей қоғамдағы еркіндікке байланысты. Егер еркіндік беріліп, журналисттік зерттеу көбейіп жатса онда ол біздің мамандыққа оң әсерін тигізеді.

Керісінше түрмеге қамалса, өлтірілсе, үнемі аузына қақпақ болатын болсақ әрине біз бір орында қалып қаламыз.

Роддильд «кім ақпаратқа ие – сол әлемді басқарады»-дейді. Әлем бойынша сөз бостандығы рейтингінде 180 орын ішінен 158-ші орынды алып тұрған Қазақстанда сөз бостандығы бар деу сенімсіздік туғызады. Біз қандай ақпаратқа ие болуымыз керек? Онда қаншалықты шындық айтылады? Бұған жауап беру әрине оңай емес. Әр түрлі арна, кез-келген ақпаратқа тез қолымызды жеткізе аламыз, ол бізге пайдалы ма зиян ба? Шын ба әлде өтірік пе? Кімге сенеміз? Әрине БАҚ - қызметкерінің әр сөзі шындыққа жанасады деу қазіргі таңда қиынға соғады. Кез келген қоғам да билік пен құрған саясатқа келіспейтін адамдар әр уақытта да табылған. Әрине, бүгінгі біздің қоғамда ондай азаматтар жетерлік. Олар қоғамдағы көңілі толмайтын дүниеге өз пікірін әр қашан да ашық айтуға тырысқанды. Әлем өзгерді, қоғам дамыды, жаңа техника, 21 ғасыр, уақыт өте ақпарат құралдары дамып халықпен БАҚ арасындағы байланыс жақсарды. Барлық мәселелер өз шешімін таба бастаған сынды. Билік өзгердіме әлде халық талабы сол болды ма? Билік тарапынан журналист аузына қақпақ болу яғни сөз бостандығының жоқтығын және цензураның барын жиі байқаймыз. Әрине, халықтың естігісі келетіні шындық, шындықты сыртқа шығаруға билік түбегейлі қарсы. Әлеуметтік желідегі айтылып жатқан жаңалықтарға халық сенер сенбесін білмейді. Нақты айтқанда билік пен халық арасында ашық диалог жоқтығы бәрімізге аян. Аузын ашып ашы шындық айтам деген БАҚ қызметкерін біресе жұмыстан құдалап біресе заң жүзінде айыпталып жатқанда, бұны көрген басқа қызметкерден не күтуге болады? бәрінің үй-жайы бала шағасы бар, ашы шындық деп бала шағасы аш қалсын ба? Айтылу керек дүние жабулы қазан ішінде қалды. Осыдан кейін БАҚ-қызметкерін кім сыйласын? 4- билік өкілі дейтін журналистерде қызығы бүгінде статуста жоқ! Қазақстандағы пікір білдіру еркіндігін шектеу тенденциялары нальтады. Адамдарда пікірі мен сенімін білдіру мүмкіндігі неғұрлым азырақ болуы үшін қолдан келгеннің бәрі жасалып жатыр. Неге бұлай дерсіз. Үкімет пікір білдіру еркіндігі мен сөз бостандығына аса мән бермейтін, әр адамның пікірі мен сенімдері артынан жамандық болады деп қорықпастан айтылуына қолайлы жағдай жасамайтын, журналистер мен БАҚ ештеңеден қорықпастан зерттеу жүргізіп, қоғам мүддесіне сай ақпарат жариялай алмайтын елдерде осылай болады. Адамдардың пікір айту құқығын шектеп, сын мен әжуаны, әрекетке бастайтын пікірлерді тұншықтырып тастасақ, қоғам жақсы дамиды және қауіпсіз болады деу қиын. Керісінше қоғам қауіпсіз болмаса, азаматтар ашық пікір білдіре алмайды және адам құқықтары бұзылады. Осы екі ұғымның басын қосып, бір жерге тоғыстыру оңай емес. Үкімет өкілдері мен азаматтық қоғам мүшелерінің екі бағытта сөйлейтінін, біреулері қауіпсіздік десе, екіншілері еркіндік керек дейтінін жиі байқап жүрмін. Екі тараптың тіл табысқан тұстарын табу қиын. Халық қайтсын әлеуметтік желіде жау жүрек біреу келіп өзі естігісі

келген шындықты айтқан адамға қол шапалақтау мен өтіп жатыр бүгінгі күн.

Сөз бостандығы – әр адамның, әсіресе журналисттің маңдайынан ойып аларлық міндеті. Қазақстан Республикасының Конституция заңы 20 бапта айтылғандай 1. Сөз бен шығармашылық еркіндігіне кепілдік беріледі. Цензураға тыйым салынады. 2. Әркімнің заң жүзінде тыйым салынбаған кез келген тәсілмен еркін ақпарат алуға және таратуға құқығы бар. Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиясы болып табылатын мәліметтер тізбесі заңмен белгіленеді. Бұқаралық ақпарат құралдарының бостандығы барлық басқа адам құқықтарын қорғау үшін маңызды. Азаптау, кемсіту, сыбайлас жемқорлық, билікті асыра пайдалану фактілері тергеуші журналистердің еңбегінің арқасында талай рет бетін ашты. Фактілерді жария ету көбінесе адам құқықтарының бұзылуынан келтірілген зиянды жою және билікті жауапкершілікке тарту жолындағы бірінші, ең маңызды қадам болып табылады. Заңға сүйенсек сөз бостандығы әрдайым бар, ал қоғамда осы заңнамаға сүйенетіндер баршылық па? Биліктің бұл заңға көзқарасы теріс секілді, себебі қазіргі таңда ашынған халықтың өзі журналист болатын халге жетті. Айта кеткеніміздей бүгінгі таңда кәсіби журналисттен гөрі сөз шеберлері көбейгендей. Журналистер де өз саласында берік саяси көзқарастарын, шығармашылық ой-идеяларын барынша еркін тарату үшін күресумен келеді. Қоғамдық дамудың қай саласында болсын журналистика өзінің бостандығын кеңейтуді талап етуде және өздеріне жасалған қысымдарға, кедергілерге қарсылық білдіргенде әр түрлі шараларды қолданып келеді және қолданады да. Кәсіби журналист дайындаған репортаж ия билікке не халыққа жатпайды. Әлеуметтік желіні ашып қалсаңыз болды журналисттен асқан жаман адам жоқ. Көрсермен пікірінше сендер билік қолшақпарына айналып кеткенсіңдер деп сөгіс айтып жатқандар жетерлік. Мемлекеттік арналарда қызмет жасайтындар таза билік қолшоқпары. Халық төзімі бітті, жабулы қазан қайнайтын уақытқа жетті. Бұған билікте, журналисттерде кінәлі! Біз қазан қақпаның билікке сүйене отырып жауап отырмыз. Қазақстанда сөз бостандығы болуы үшін артында тіреуің болуы керек. Неге? Себебі журналист болашағы бұлыңғыр. Дәлел ретінде Ербол Мәндібек мырзаны алайық өзі журналист, арнайы тілші. Билік тарапынан цензураға ұшыраған журналисттердің бірі. Пандемия уақытында 42500тг халыққа жетеді, асып тасып өмір сүреді деп тапсырма береді. Оған көнбеген Ербол мырза қол қусырмай инстаграм парақшасына пост жазғаны үшін, мемлекеттік БАҚ қызметінен қуылады. Бұл қазіргі журналисттердің жан айқайы. Бұған жол бермеу керек. Мемлекетімізде кеңінен қол жайып жүрген мәселенің бірі, бұлай созыла берсе журналисттің қоғамдағы орны не болмақ? Алыстағы мемлекеттерді емес, шектесіп жатқан Ресей мемлекетімен салыстыратын болсақ, әлде қайда артта келе жатқанымыз байқалады. Журналисттер биліктен емес, билік журналисттен қорқу керек заман да. Ресей мен бәсекелестік журналисттеріміздің алға жыл-

жуына және биліктің шынжырды босатуына бәлкім себепкер болып қалар. Әрине, сөз бостандығының болуы ол естіген дүниенді ешбір зерттеусіз айту емес, тексерілген дүниені халықпен ашық диалог жүргізу арқылы талқылау. Егер біз ТМД елдерімен БАҚ саласындағы бәсекелестікке сай боламыз десек, ең алдымен журналисттеріміз жүрек жұтар, халқым үшін деп тұруы шарт. Әрине бәрі бірден бола қоймайды. Әр арнада кем дегенде 50-60 журналист қызмет етеді, сонын барлығы сөз бостандығын талап ететін болса, биліктің көнуден басқа амалы қалмайды. Американы мысалға алайық New York, Washington post сынды арналар бір бірімен бәсекелес болғаны мен, сөз бостандығына келгенде ауыз біршіліктері мол. Вьетнам кезіндегі соғыс кезінде New York times -қа соғыс туралы салған посты үшін сот жұмысы жүргізілген болатын. Washington post басқа да арналар пост жазып New York times-ты қолдап, олардікі дұрыс екенін сот барысын ақтап шықты. Біздің БАҚ-қызметкерлеріне осы бір ауыз біршілік жетіспейді. Журналисттеріміз в режиме поиска емес, темір қызып тұрғанда жұмыс жаса-са, сөз бостандығына деген шектеуді онымен қоса цензураға да шектеу қойа аламыз. Біз журналисттер әнші басқасын емес, елде болып жатқан адам мен айналысуымыз керек. Қазақ айтқандай «тоқсан ауыз сөзді тобықтай түйінмен» тұжырымдайтын білгір халықпыз. Қазақ әрқашан да айтылатын еркін де әділ сөзді қастерлей білген, сынай білген. Шын айтылған бір ауыз сөзге тоқтаған ақылды халық. Ендеше, бүгінгі пікір, сөз бостандығының қазақ халқы үшін жат емес, керісінше, ел мақтант тұтатын жақын үрдіс екендігіне толық көз жеткізуге болады. Сөз бостандығы бізге керек, билік өкілі ретінде Журналисттеріміздің айырылмас бөлігі ретін, ұрпақ жанашырлары ретінде сөз бостандығы берілуі керек. Журналистің міндеті – қарапайым халық білуі тиіс кез келген ақпаратты жариялау. Ал оған үкімет тарапынан ешқандай шектеуі қойылмауы тиіс. Билік тарапынан шектеу болуы ол халықтың ойын базасын ақпарат тарату емес, халықпен ашық диалогта болу.

*Измилебова Тойжан
Ганиқызы
Абылай хан Қазақ
халықаралық
қатынастар және әлем
тілдері
университетінің
2 курс студенті*

Құрметті оқырман! «QORJYNTÜBEK JARŞYSY» газетінің бетінде «ЖЫР-ШАШУ» атты әдебиет беті оқырманға жол тартқалы отыр. Аталған беттің беташарын қаламыздағы ақын, ҚР журналистер Одағының және Қазақстан жазушылар Одағының мүшесі, біреше кітаптың авторы, «Тіл жанашыры» сыйлығының лауреаты Нұрғали Қыдырмұратұлы Қарабектегінің жырларымен ашқанды жөн көрдік. Тоқсанына бір рет шығатын әдебиет бетіне қаламызда тұратын, өлең-жыр, әңгіме, новелла секілді прозалық дүниелер жазып жүрген авторлар өздерінің жүрекжарды шығармаларын ұсына алады. Сіздердің шығармаларыңызды оқырманға таныту арқылы шабыттарыңызға түрткі болу – біздің басты мақсатымыз. Әдебиетке құмар жандарды газет беттерінен көрінуге шақырамыз! **НҰРҒАЛИ ҚАРАБЕКТЕГІ:**

ХАЛҚЫМ МЕНІҢ – ТІРЕГІМ

Араладым балалықтың бақтарын,
Жігіттіктің көрдім қызық шақтарын.
Орта жастан асып бара жатсам да,
Өлең-жырдан артық байлық таппадым.

Өлең айтып, қыздырдым той көрігін,
Жалғыздықта кітап болды серігім.
Атақ-даңқты армандаған емеспін,
Жыр-өнермен байланысты өмірім.

Кедергілер шыққанымен жолымнан,
Қаламымды тастамадым қолымнан.
Әділетті арқаланып келемін,
Әсте үміт еткен емен «орыннан».

Қысылғанда жоғымды да бар қылған,
Айналайын ақ ниетті халқымнан.
Бақ пен тақтың айналасы бір тұтам,
Артық маған ел сенімі алтыннан.

Тұзым жеңіл, жел сөз ергіш артымнан,
Таршылық та алған талай алқымнан.
Тура айтып, жақпасам да туғанға,
Тайған емен азаматтық қалпымнан.

Шындық үшін күресуге тартынбан,
Мұратына жетер адам талпынған.
Халық – сыншы, уақыт деген – төреші,
Бағалай бер, осы менің бар тұлғам.

Бата маған өздеріңнің тілегің,
Халқым менің тамырым хәм

тірегім.
Аламанға талаптанып ат қоссам,
Арқа сүйер елім бар деп білемін.

КӨШ КЕЛЕДІ...

Қызылқұмның ішінен көш келеді,
Артта қалып туған жер, өскен елі.
Азаматты жетелеп арман-үміт,
Қосылуды Отанға көш көреді.

Қызылқұмды қиялап көш келеді,
Қимас көңіл қашанда бос келеді.
Нұра қалып барады көз ұшында,
Жанарлардан жүздеген жас келеді.

Тумысынан көшуге жаралғандар,
Ыдырады түп-тұтас қара ормандар.
Кеше ғана айрандай ұйыған ел,
Аяқасты атанды «оралмандар».

Көрші түртсе, көршісін қашырады,
Өгей бала – өкпешіл, ашынады.
Туған-туыс, ағайын ажыралып,
Шілдің боғы секілді шашырады.

Таудан асып, су кешіп көш келеді,
Бірі ерте, біреуі кеш келеді.
Кейбіреуі мәз-майрам, жағдайы зор,
Бәзбіріне қажет боп дос көмегі.

Несібесін тәңірден тосқан халық,
Баяғы бір заманда босқан халық.
Ақтау – пана, Қызылқұм – ана болған,
Көштен қалып көрмеген, аштан қалып.

Кеше көшкен, бүгін де... көшеді ертен,
Көштің саны күн санап өсе берген.
Өр туысқан әрқалай қарсы алуда,
Баспана, мал, ақшалай есе берген,
(Ел мерейі қосылған өседі елмен).

Ықыласты көшкен жұрт құп көреді,
Бір ағаштың бұтағы – түп дерегі.
Ел ішінен ел көшсе – жұт болады,
Ел үстіне ел келсе – құт келеді.

Өткен күннен белгі боп қалады елес,
Туысқанмен тумасын арада егес.
«Оралмандар» осы елдің болашағы,
Уақытша қонатын қонақ емес.
Көмек болса келгендер көрер күнін,

Ұрпақ шашып, келешек егер гүлін
«Оралман» деп жатырқай қарайтындар,
Ұқса дейміз халықтың емеурінін.

Кейбір баста тұрады сұрақ толып,
Үмітінен арманы жырақ қонып.
Тілегіміз – әйтеуір қалса дейміз,
Қазақ жері қазаққа тұрақ болып.

Көш келеді... қызылдың қырқасында,
Қарамайды аптапқа, бұрқасынға.
Аузында – Алла, құраны қалтасында,
Балалары – Әкенің қолтығында,
Тал бесігі – Ананың арқасында,
көш келеді...

ҚЫЗЫЛҚҰМ

Қызылқұм!.. Қызыл теңіз көз мұнартқан,
Жол жүрген жолаушыны қалжыратқан.
Сырларын бар бойына жиып алған,
алыптай жамбастай ғап мүлгіп жатқан.

Қызылқұм, «Жібек жолы» бойындағы,
байлық қой әр төбенің қойындары.
Аймақтың Тауелібай аталатын,
пұшпағын қазір дүние мойындады.

Бас ұрған оған жасың, қартың-дағы,
жігіті Қызылқұмның нар тұлғалы.
Аймақты құс қанатын талдыратын,
қазақтың мекен еткен мәрт ұлдары.

Мүлгіген дәу секілді маң даланы,
жастанған үрме-құмдар панданады.
Сыңсытып соққан желмен «өлең» айтқан,
шағылға көрген адам таңданады.

Сексеуіл, қоянсүйек, қандым, жүзген,
қызылша, сіңірген мен селеу, изен.
Сағымдар арасынан сығалаған шөмеле,
бейне кеме – көлде жүзген.

Жауынды жыл болғанда қыр, аңғары,
құлпырар жалтырбас пен раңдары.
Таңменен оятады атшакөкек,
сәскеде көкте қалқып қырандары.

Төсінде қабан, киік, қоян өрген,
қасқыр мен түлкі, шағал сая көрген.
Қонақты құдайындай күтіп алу,
дәстүр боп қалған мұнда баяғы елден.

Той-жиын десе елі баптанады,
алыстан қонақ келсе шаттанады.
Көрсетіп нағыз қазақ жомарттығын,
ырза боп меймандары аттанады.

Жақсы мен жаманды тең саралаған,
дархан жұрт, емес кісі алапаған.
Бетіңе басып айтқан кемшілікті,
байсың ба, төресің бе, қарамаған.

Ақысыз айтқан ақыл кеңескенге,
қалжыңқой, бармас бірақ өрескелге.
Жетерлік жырау, әнші, биші, күйші,
өнердің қай түрінен емес кенде.

Кісінің жасқа қарай орыны бар,
әр істің парасатын, жөнін ұғар.
Тамдының топырағы тегін емес,
осында Балқы Базар қорымы бар.

Қызылдың қасиетін шамалаған,
мұнда кеп ата-бабам паналаған.
Әжемнің айтуынша көпті көрген,
қызылды Қыдыр ата аралаған...

Қызылқұм!.. Қалды қазір артымызда,
Тұр бүгін пана болып жартымызға.
Замана алғау-далғау ыдыратты,
Айналып алды – ылди, арты – құзға.

Айтарым жетеді әлі... сөз берер ме?!
Болаарын бұлай бәрі сезген ем бе?
Ғасырлар мекен еткен ата-бабам,
Қазақтың жұрты қалды өзгелерге.

Қызылқұм, сағынамын, жадымдасың!
Қайтеміз, «дөңгелек жер тарылғасын».
Жетпесек қадіріңе, кешіре гөр,
Құмыңа кетер сіңіп лағыл-жасым...

Не жетсін, туған жер мен өскен елге!..
Әйтсе де, тағдыр тезі дес берер ме?
Қызылқұм, қасиетті, құтты мекен,
Бақ тіле, Отанына көшкен елге!

Электрондық почта: priogazeta@mail.ru | Таралымы: 500 дана | Жарнама бөлімі: +7-707-345-79-35 | QORJYNTÜBEK JARŞYSY

Меншік иесі: «ИП Исатай М.А.»
Бас редактор: Исатай М.А.
Техникалық редактор: Исатай М.А.
Редакция мекен-жайы: Қарағанды облысы,
Приозерск қаласы, 101100, Жеңіс Бульвары,
38а, 5.
Газет Қарағанды қаласы, Сәтпаев көшесі 15,
«Арқо» ЖШС-де басылды.
Тапсырыс №22/22, Таралымы:500 дана, пішімі:
А3

Анықтама телефондары: +7-707-345-79-35
Жарнама бойынша: +7-707-345-79-35
Электрондық почта: priogazeta@mail.ru
«Қазпошта» бөлімшелерінде жазылу
индексі:66363

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және
Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат коми
тетінде тіркеуден өтіп, 2022 жылғы 27 мау-
сымда №86VPY00051152 куәлігі берілді.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері
редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнамалар
мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама
беруші жауап береді. Газетте жарияланған мате-
риалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
Суреттер интернеттен және архивтардан алын-
ды. Фотосуреттер мен қолжазбалар қайтарыл-
майды. Газет әр аптаның сенбі күні шығады.